

СПОРТШЫНЫҢ «БАС ТАРТУ» КЕЛІСІМІ

Осы «Тәуекелді қабылдау, шағым түсіру құқығынан бас тарту және жауапкершіліктен босату келісіміне» («Бас тарту») қол қою алдында оны толық оқып шығыңыз. Осы «Бас тарту» келісімін толық оқып, түсінбесеңіз, оған келіспеңіз. Келіскен жағдайда сіз осы «Бас тарту» шарттарын оқып, түсінгеніңізді және оларды орындауға келісетініңізді растайсыз. Барлық қатысушы тікелей және/немесе заңды қамқоршылары арқылы (бар болса) осы «Бас тарту» келісіміне қол қоюы керек.

2023 жылдың 24-ші қыркүйегінде жергілікті жерде және виртуалды түрде өтетін Corporativo Bimbo, S.A. de C.V. компаниясы («Ұйымдастырушы») ұйымдастырған виртуалды жарысқа және Bimbo Global Race жарысы ретінде анықталатын іс-шараларға («Іс-шара») қатысуыма байланысты мен төмендегі шарттарға келісетінімді растаймын:

Мен өз бетімше, өзім таңдаған күн мен уақытта, Ұйымдастырушы тарапынан ешқандай қолдау немесе қауіпсіздік шаралары болмайтын өзім таңдаған жерде және жүгіру маршрутында виртуалды іс-шара ретінде ұйымдастырылған іс-шарада жүгіру жеке жарақат алуға, материалдық зиян тиюіне не зақымдалуға немесе өлімге әкелуі мүмкін ықтимал қауіпті іс-шара екенін мойындаймын. Одан әрі мен іс-шараға өз еркіммен және тәуекелді өз мойныма алып қатысатынымды растаймын. Медициналық тұрғыдан қабілетті және тиісті түрде жаттықтырылған болмаған жағдайда іс-шараға қатыспаймын және осы «Бас тарту» келісіміне қол қою арқылы мен медициналық тұрғыдан іс-шараға қатыса алатынымды және денсаулығым жақсы және тиісті түрде жаттықтырылған екенімді растаймын. Мен аурулармен күресу орталығының (CDC) 2019 жылғы жаңа коронавирус ауруының

(COVID-19) және басқа да жұқпалы аурулардың таралуының алдын алу бойынша ұсыныстарын орындауға толығымен келісемін және CDC нұсқауларын келесі сілтеме бойынша оқығанымды растаймын: <https://www.cdc.gov/coronavirus/2019-ncov/prepare/prevention.html>. Қауымдастықта карантин жарияланса, мен іс-шараға жеке жүгіру жолын пайдалану және/немесе үй ішінде балама жаттығуларды орындау арқылы қатысатыныма және карантин кезінде қауымдастықтан тыс жерде жүгірмейтініме уәде беремін. Мен жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі бойынша барлық ережені сақтауға келісемін (соның ішінде жолда емес, қолжетімді болса, жаяужолмен жүгіру). Егер жаяужол немесе көпшілік жүретін басқа соқпақ болмаса, мен жол ережесін сақтауға келісемін және көлік қозғалысының бағытымен емес, оған қарсы бағытта жүгіремін. Іс-шараның бір бөлігі ретінде өз бетімше жүгірумен байланысты барлық тәуекелді (соның ішінде: құлау, басқа жаяу жүргіншілермен байланыс, ауа райының әсері, соның ішінде жоғары температура және/немесе ылғалдылық, көлік қозғалысы және жолға немесе соқпаққа қатысты жағдайлар, осындай белгілі немесе белгісіз тәуекелдердің барлығы және т.б.) өз мойныма аламын және жергілікті шенеуніктердің немесе Іс-шара ұйымдастырушыларының қолдауынсыз өз бетімше жүгіретінімді түсінемін.

Бұл «Бас тарту» келісімін оқып, осы фактілерді біле отырып және өтінішімді қабылдағаныңызды ескере отырып, мен өзімнің атымнан және менің атымнан әрекет етуге құқығы бар кез келген адамның атынан Ұйымдастырушыны, барлық Іс-шара демеушілерін, олардың өкілдері мен мұрагерлерін (жалпы «Босатылған тараптар») Іс-шараға қатысуымнан туындайтын **БАРЛЫҚ** талаптан, зақымнан, шығыннан, шарадан немесе міндеттемеден **БОСАТАМЫН, ШАҒЫМ ТҮСІРУ ҚҰҚЫҒЫНАН БАС ТАРТАМЫН ЖӘНЕ БІРЖОЛАТА БОСАТАМЫН** және Іс-шараның бір бөлігі ретінде өз еркіммен жүгіруді таңдағандықтан, «Босатылған тараптардың» кез келгеніне қарсы кез келген заңды шара қолдану мүмкіндігімнен

бас тартамын. Мен жоғарыда аталғандардың барлығына Іс-шара бөлігі ретінде онлайн бөлісе алатын фотосуреттерімді, тіркеу және іс-шарадан кейінгі есеп беру кезінде берілген жеке деректерімді, бейне немесе аудио жазбаларды немесе Іс-шараның кез келген басқа жазбасын кез келген заңды мақсатта пайдалануға рұқсат беремін. Мен Іс-шараның тегін екенін түсінемін, сондықтан Іс-шарадан бас тартылса, ақшаны қайтару қарастырылмайды.

ОСЫ «БАС ТАРТУ» КЕЛІСІМІН ҚАБЫЛДАУ АРҚЫЛЫ МЕН ОСЫ «БАС ТАРТУ» КЕЛІСІМІН ОҚЫП, ТОЛЫҚ ТҮСІНГЕНІМДІ РАСТАЙМЫН. МЕН МАҢЫЗДЫ ҚҰҚЫҚТАРДАН, СОНЫҢ ІШІНДЕ СОТҚА ШАҒЫМДАНУ ҚҰҚЫҒЫНАН БАС ТАРТАТЫНЫМДЫ ТҮСІНЕМІН. МЕН «БАС ТАРТУ» КЕЛІСІМІНЕ ЕРКІН ЖӘНЕ ЕРІКТІ ТҮРДЕ ҚОЛ ҚОЯТЫНЫМДЫ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАБЫЛДАУ АРҚЫЛЫ БАРЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ЗАҢМЕН РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН АУҚЫМДА БАРЫНША ТОЛЫҚ ЖӘНЕ СӨЗСІЗ БОСАТҚАНЫМДЫ РАСТАЙМЫН. ЕГЕР МЕН ОСЫ «БАС ТАРТУ» КЕЛІСІМІНЕ КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚАТЫСУШЫНЫҢ АТЫНАН ҚОЛ ҚОЙСАМ, МЕН КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚАТЫСУШЫНЫҢ АТА-АНАСЫ НЕ ЗАҢДЫ ҚАМҚОРШЫСЫ БОЛЫП, ОСЫ «БАС ТАРТУ» КЕЛІСІМІНЕ ОЛАРДЫҢ АТЫНАН КЕЛІСУГЕ ЗАҢДЫ ӨКІЛДІГІМ БАР ЕКЕНІНЕ КЕПІЛДІК БЕРЕМІН.